

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

2018 ж. 01. 11 жүргізілді
БСН 970240000816
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 1997 жыл 22.02
КҮӨЛІК № 4436190107-11

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Жалғыз акционерінің шешімімен
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2018 жылғы «15» қазан шешімі (№ 28/18 хаттама)

БЕКІТІЛГЕН

«Қазатомөнеркәсіп»
Ұлттық атом компаниясы»
акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Астана қ., 2018 жыл

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР3

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ.....3

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ 4

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....5

5. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....7

6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ 9

7. ДИВИДЕНДТЕР11

8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ.....13

9. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ.....13

10. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ.....25

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ.....27

12. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ.....43

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ50

14. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ50

15. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ.....51

16. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАП, ЕСЕП ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ52

17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ, ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ54

18. ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ56

19. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ57

20. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ57

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР58

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазатомэнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Қоғам») осы Жарғысы Қоғам органдарының атауын, орналасқан жерлерін, құру тәртібі мен құзыреттерін, Қоғамды қайта құрудың және оның қызметін тоқтатудың шарттарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді белгілейді.

2. Қоғамның атауы:

- Мемлекеттік тілдегі толық атауы - «Қазатомэнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқаша атауы - «Қазатомэнеркәсіп» ҰАК» АҚ;
- Орыс тіліндегі толық атауы - акционерное общество «Национальная атомная компания «Казатомпром», қысқаша - АО «НАК «Казатомпром»;
- Ағылшын тіліндегі толық атауы - joint stock company "National atomic company "Kazatomprom", қысқаша- JSC "NAC "Kazatomprom".

3. Қоғамның (Қоғамның атқарушы органының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10-үй.

4. Қоғамның корпоративтік веб-сайты: www.kazatomprom.kz

5. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

6. Кәсіпкерлік субъект санаты – ірі кәсіпкерлік субъекті.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

7. «Қазатомэнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) «Қазатомэнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі №3593 Жарлығына сәйкес және «Қазатомэнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы мәселелері»н туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі №1148 қаулысына сәйкес құрылды.

8. Қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық формасы акционерлік қоғам түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі «Заң»), Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін (бұдан әрі бірлесіп «Заңнама» деп аталады), осы Жарғыны (бұдан әрі «Жарғы») және Қоғамның Корпоративтік басқару туралы кодексін (бұдан әрі «Кодекс»), сонымен қатар Қоғам акционерлерінің және Қоғамның басқа органдарының шешімдерін басшылыққа алады. Қоғам Қазақстан Республикасының заң органдарында мемлекеттік тіркелген мезеттен бастап заңды тұлға мәртебесін иеленді.

9. Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

10. Қоғамның дербес балансы, банк шоттары, мөрі, мемлекеттік, ағылшын және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген фирмалық бланктері, Қоғам басқармасымен (бұдан әрі «Басқарма») бекітілетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін өз тауарлық белгісі мен символдары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі (қажет болған жағдайда басқа тілдердегі) мөртаңбалары, корпоративтік веб-сайты, сонымен бірге оның қызметін жүзеге асыруға қажет басқа да реквизиттері бар.

3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ, МӘНІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

11. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты таза пайда алу болып табылады.

12. Қоғам қызметінің мәні мен түрлері келесілер болып табылады:

1) Атом энергиясы бойынша халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) жетекші материалдары негізінде уран және оның қосылыстарын, сирек және сирекжерлік металдар барлау, өндіру, өңдеу, атом электр станциялары үшін ядролық отын өндіру, арнайы жабдықтар, технологиялар мен қосарлы материалдар өндіру;

2) тікелей және/немесе өзінің еншілес ұйымдары, тәуелді акционерлік қоғамдары және/немесе бірлесіп бақыланатын ұйымдары арқылы қолданыстағы құқықпен белгіленген тәртіпте уран және оның қосылыстарын, сирек және сирекжерлік металдар барлау, өндіру, өңдеу, атом электр станциялары үшін ядролық отын өндіру, арнайы жабдықтар, технологиялар мен қосарлы материалдар экспорттау және импорттау, өткізу нарығының мониторингін жүргізу;

3) уран мен оның қосылыстарын, сирек және сирек жер металдар және басқа пайдалы қазбаларды өндіру процесін сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларын барлау мен өндіру;

4) иелігіне, пайдалануына және иелік етуіне табысталған мүлікке өз атынан сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру, сонымен қата Қоғам мүлкін сенімгерлік басқаруға табыстау;

5) өнімдерді, Қазақстан Республикасының атомдық энергетикалық кешенінің өнімдерін қоса, алайда онымен шектелмей, әлемдік нарықта өткізу;

6) ядролық материалдардың мемлекеттік қорын күтіп ұстау және қызмет көрсету;

7) Қазақстан Республикасының уран кен орындары бойынша геологиялық ақпарат мониторингіне жәрдемдесу;

8) Қоғамға берілген құзыреттіліктердің толық көлемінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру, олардың сыртқы және ішкі нарықта заңнамаға сәйкес қорғалуын қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасының атом-энергетика кешені өнімінің сыртқы және ішкі нарығында демпингтік процестерге жол бермеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізуге қатысу;

10) Уран өнімдерін экспорттау бойынша қызмет көрсету;

11) атом энергетика станцияларын және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланылатын объектілерді жобалау, салу және пайдалану;

12) инвестициялық жобаларды еншілес ұйымдар мен тәуелсіз акционерлік қоғамдарда іске асыруды қоса, инвестициялық қызмет;

13) Қоғамның коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды сақтау;

14) Меншікті жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару.

13. Қоғам заңнамада белгіленген тәртіпте және шарттармен Қазақстан Республикасының жер аумағында да, сонымен қатар одан тысқары да заңнамамен тыйым салынбаған басқа қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

14. Лицензия немесе заңнамада және қолданыстағы құқықпен белгіленген тәртіпте алынуы тиіс басқа да рұқсат түрлері қажет етілетін қызмет түрлері тек тиісті лицензиялар немесе басқа рұқсат түрлері алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. Қоғам заңнамада мен осы Жарғыда қарастырылған құқықтарға ие және міндеттемелерді алады. Қоғам акционерлердің барлығының мүдделерінде әрекет етеді.

16. Қоғам өз атынан :

1) шарттар (келісімшарттар, келісімдер) жасасуға, мәмілелер және заңнамамен тыйым салынбаған басқа да әрекеттер жасауға;

2) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерді/акцияларды, жылжымайтын мүлікті, құнды қағаздарды, зияткерлік мүлік нысандарын және оның ішінде олардың құқықтарын, сондай-ақ басқа да кез келген мүлікті, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға;

3) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде консорциумдар (альянстар), заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер құруға;

4) өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлікті және мүліктік құқықты Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте иеліктен шығаруға, мүліктік жалға беруге немесе оларға басқа тәсілмен иелік етуге;

5) басқа заңды тұлғалардың құнды қағаздарына, Қазақстан Республикасындағы және одан тысқарыдағы заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына ұзақмерзімдік инвестицияларды, басқа салымдарды олар бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте ұзақмерзімдік кірістер алу мақсаттарында жүзеге асыруға;

6) мемлекеттік (ұлттық) бағдарламаларды іске асыруға қатысу және заңнамада белгіленген тәртіпте келісімшарттық негізде мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жұмыстар/қызметтер орындау/көрсету;

7) Қазақстан Республикасынан тысқары кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, оның ішінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар құру және олардың қызметіне қатысу;

8) заңнамада және қолданыстағы құқықпен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының банктерінде және одан тысқарыдағы банктерде ұлттық валютада, сонымен қатар шетелдік валютада банк шоттарын ашу;

9) өндірістік қызметті жоспарлау, жұмыскерлерге еңбекақы төлеу, материалдық-техникалық жабдықтау, әлеуметтік даму, кірістерді бөлу, кадрлар іріктеп алу, оларды орналастыру және қайта даярлаумен байланысты сұрақтарды заңнама шегінде шешу;

10) заңнамада және қолданыстағы құқықпен белгіленген тәртіпте, қажет болған жағдайда хеджирлеу операцияларын орындаумен қазақстандық, сонымен қатар шетелдік заңды тұлғалардан теңгеде және шетелдік валютада қарыздар алу және несиелерді пайдалану;

11) облигациялар, сонымен қатар өзге де құнды қағаздар мен қаржылық құралдар шығару және оларды қайтадан сатып алуды жүргізу;

12) заңнамаға және акциялардың кез келген түрлерін ұстаушылар алатын кез келген құқықтарға сәйкес, Қоғам өз акцияларын және туынды құнды қағаздарды сатып алуға құқылы;

13) Заңнамаға сәйкес басқа мүліктік және өзге құқықтарды алу.

17. Қоғам дербес теңгерімге ие және Қоғамның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілген мүліктің, өз қызметі нәтижесінде алынған мүліктің, сонымен қатар заңнамаға қайшы келмейтін өзге де негіздер бойынша алынған мүліктің меншік иесі болып табылады.

18. Қоғам өз акционерлерінің мүліктерінен оқшау мүлікке иелік етеді және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлігі шегінде жауапкершілік алады. Қоғам мемлекет міндеттемелері

бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет те Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді

19. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (шоғырландырылған және жеке) заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жариялайды.

20. Қоғам заңнамада, осы Жарғыда және Қоғамның Кодексінде қарастырылған басқа құқықтары және міндеттері бола алады.

5. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

21. Қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты залалдар төуекелін көтереді.

22. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері, артықшылық берілген акциялармен расталған құқықтар көлемін қоса (егер мұндай акцияларды Қоғам шығарған болса), заңнамамен және осы Жарғымен анықталады.

23. Қоғам оның акцияларының бір түрін ұстаушылардың барлығының осындай акциялар бойынша құқықтары тең деп есептейді.

24. Қоғам акционерінің келесі құқықтары бар:

1) заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;

2) дивидендтер алу;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен (бұдан әрі – «акционерлерінің жалпы жиналысы») немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;

4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның құнды қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

5) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне (бұдан әрі – «Қоғамның Директорлар кеңесі») сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулау;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу және сұрау Қоғамға келіп түскеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде уәждеделген жауап алу. Бұл ретте мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге қолжетімділік заңнамада қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады;

8) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бөлігіне;

9) заңнамада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, заңнамада қарастырылған тәртіпте Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына конвертацияланатын басқа құнды қағаздарды артықшылықты сатып алу;

10) Заңмен қарастырылған тәртіпте Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу;

11) Қоғамның дауысқа ие акцияларының 5% (бес) немесе одан астам пайыздарын меншікті немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда:

- Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер қосуды ұсыну;
- Заңмен қарастырылған жағдайда Қоғамның Директорлар кеңесі және (немесе) басқармасының жеке мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы көлемі туралы ақпарат алу;
- Заңда қарастырылған жағдайларда өз атынан Қоғамға келтірілген шығындарға қатысты Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға өтеуі

туралы және ірі мәмілелер және (немесе) жасалуына қатысты мүддесі бар мәмілелерді бекіту (бекітуге ұсыну) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған табысты (кірісті) Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың қауымдасқан тұлғаларының Қоғамға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына жүгінуге құқылы болады.

25. Ірі акционердің (Қоғамның дауыс беруші акцияларының 10% (он) немесе одан көп пайызына иелік ететін (жиынтықты иелік ететін) акционер немесе өзара жасасқан келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционердің) келесі қосымша құқықтары бар:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгіну;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;

3) Аудиторлық ұйымның Қоғамға өз есебінен аудит жүргізуін талап ету.

26. Қоғамның акционері міндетті:

1) Қоғамның акцияларын төлеуге;

2) Қоғамның тіркеушісін және акционерге тиесілі акциялардың номиналдық ұстаушысын Қоғам акцияларының ұстаушылары тізімдемесі жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы 10 (он) күн ішінде хабардар ету;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңнамамен қорғалатын құпия болып табылатын ақпаратты жарияламау;

4) Басқа міндеттерді заңнамаға сәйкес орындау.

6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

27. Қоғам жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар документарсыз формада шығарылады, бұл ретте акцияларға сертификаттар берілмейді. Акция бөлінбейді.

28. Жай акция акционерге Акционерлердің жалпы жиналысына дауысқа салуға шығарылған барлық сұрақтарды шешуде дауыс беру құқығымен қатысу құқығын, Қоғамда таза пайда болған жағдайда дивидендтер алу құқығын (Акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі болған жағдайда), сонымен қатар Қоғам таратылған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіпте оның мүлігінің бір бөлігіне құқық береді.

29. Артықшылықты акциялардың (егер мұндай акцияларды Қоғам шығарған болса) меншік иелері болып табылатын акционерлердің жай акциялардың меншік иелері болып табылатын акционерлер алдында Қоғам белгілейтін алдын ала анықталған кепілдендірілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіпте оның мүлігінің бір бөлігін алуға артықшылықты құқықтарға ие.

30. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді, келесі жағдайларды қоспағанда:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқығын шектеуге әкелетін сұрақты қарайды. Мұндай сұрақ бойынша шешім орналастырылған артықшылықты акциялардың жалпы санының (сатып алынғандарды шегергенде) кемінде 2/3 (үштен екісі) шектеу үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледі.

Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқығын шектеуге әкелетін сұрақтарға келесілер туралы сұрақтар жатады:

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің азаюы немесе оны есептеу тәртібінің өзгеруі;
 - артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер тәртібінің өзгеруі;
 - артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта артықшылықты акцияларды Заңға сәйкес сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту туралы сұрақты қарайды;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату туралы сұрақты қарайды;
- 4) Заңда қарастырылған негіздер бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акциялар бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде толық көлемде төленбесе.

31. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар және жиналысқа өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысып отырған әрбір артықшылықты акция ұстаушысы өзіне тиісілі әр артықшылықты акция бойынша 1 (бір) дауысқа ие.

32. Қоғам облигациялар, сонымен қатар Қоғам акцияларына конвертацияланатын құнды қағаздарды қоса, басқа құнды қағаздар мен қаржылық құралдар шағыруға құқылы.

33. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуді тек Қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның үлестес тұлғасы немесе оның үлестес тұлғаларының өкілі болмауы тиіс.

34. Акцияларды немесе Қоғамның басқа құнды қағаздарын кепілге салу сұрақтары заңнамамен және тиісті кепіл келісімшартымен реттеледі.

35. Акционерлердің акцияларды немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа құнды қағаздарды, сонымен қатар орналастырылатын акцияларды немесе Қоғам бұрын сатып алған құнды қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру кезінде, Қоғам акционерлерді осындай басымдықпен сатып алу құқығының іске асырылуы туралы осы Жарғыда анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында, сонымен қатар Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының листингтік қағидаларымен қарастырылған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы хабардар етеді.

36. Қоғамның дауыс беру құқығын беретін акцияларының 20%-ынан (жиырма пайыз) көбін сатып алған заңды тұлға акцияны сатып алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қоғам жарғысында анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында өзіне тиесілі акциялар туралы мәліметтер жариялауға міндетті.

7. ДИВИДЕНДТЕР

37. Жыл қорытындысы бойынша Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс құқығын беретін акциялардың жай көпшілігімен қабылданған жағдайда бөлінеді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсан, жартыжылдық немесе жыл қорытындылары бойынша, қоғамның тиісті кезең ішіндегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырыла алады.

Егер акцияларды иеліктен шығару туралы келісімшартпен өзгеше қарастырылмаған болса, төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару оларды акцияның жаңа меншік иесінің алуы құқығымен жүзеге асырылады.

Дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні құрылуы тиіс.

38. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер, дивидендтер төлеу туралы кез келген шешім қоғамның тиісті кезең ішіндегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс құқығын беретін акциялардың жай көпшілігімен қабылданған жағдайда, ақшалай немесе Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді құнды қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның құнды қағаздарымен төлеуге тек мұндай төлемнің Қоғамның жарияланған акцияларымен және Қоғам шығарған облигациялармен жүзеге асырылуы шартымен ғана акционердің жазбаша келісімі бар болған жағдайда ғана жол беріледі.

39. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуді төлем агенті арқылы жасауға болады. Төлем агентінің қызметтеріне ақы төлеу Қоғам есебінен жүзеге асырылады.

40. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған және өзі сатып алмаған акциялар бойынша, сонымен қатар егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдағанда есептелмейді және төленбейді.

41. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге келесі жағдайларда жол берілмейді:

1) Қоғамның меншікті капиталы теріс мөлшерлі немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріске айналатын болса;

2) Егер Қоғам Заңнамаға сәйкес, төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не болмаса көрсетілген белгілер Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде орын алатын болса;

Алынбаған дивидендтерді төлеуді акционер Қоғамның борышының пайда болуы мерзімінен тәуелсіз талап ете алады.

42. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

43. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу немесе төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл шешім осы Жарғыда анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында, сонымен қатар Қоғамның құнды қағаздары айналымда жүрген қор биржасының талаптарымен белгіленген басқа да тәсілдермен жариялануы тиіс.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер болуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, тұрған жері, банкілік және өзге деректемелері;

2) дивидендтер төлейтін кезең;

3) 1 (бір) жай, 1 (бір) артықшылықты (егер Қоғам артықшылықты акция шығарған болса) акцияға есептегенегі дивиденд мөлшері;

4) дивидендтер төлеу басталған күн;

5) дивидендтер төлеу тәртібі және формасы;

6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).

44. Дивидендтерді төлеу Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде акционердің актуалды реквизиттері туралы мәліметтер бар болғанда жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған мезеттен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы керек.

Акционердің актуалды реквизиттері туралы мәліметтер жоқ болған жағдайда, Дивидендтерді төлеу акционер Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіне өзі туралы қажетті мәліметтердің енгізілгендігін растайтын құжаттармен Қоғамға жүгінген мезеттен бастап 90 (тоқсан) күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы керек.

45. Артықшылықты акция бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері осы кезең ішінде жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтер мөлшерінен аз бола алмайды.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер толық төленбейінше, оның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемі жүргізілмейді.

46. Артықшылықты акциялар бойынша (егер Қоғам артықшылықты акциялар шығарған болса) дивидендтер төлеу мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын Қоғам осы Жарғыда анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында осындай дивидендтердің төленгендігі туралы ақпаратты Жарғының 43-тармағының 1)-5) тармақшаларында тізілген мәліметтерді көрсетіп жариялауы тиіс.

8. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

47.) Қоғамның Органдары:

1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (Акционерлердің жалпы жиналысын құрғанға дейін Қоғамның жоғарғы органы Жалғыз акционер болып табылады);

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы – Басқарма, «Басқарма Төрағасы» деп аталатын төраға басқарады;

4) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – ішкі аудит Қызметі (бұдан әрі «Ішкі аудит қызметі»).

9. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

48. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

49. Қоғам жыл сайын Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуі тиіс. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

50. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жылдық қаржылық есептілік (шоғырландырылған және жеке) бекітіледі, Қоғамның аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлу тәртібі және дивидендтердің Қоғамның 1 (бір) жай акциясына және 1 (бір) артықшылықты акциясына (егер артықшылықты акцияны Қоғам шығарған болса) есептегендегі мөлшері анықталады, сонымен қатар акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттері бойынша жүгінулері мен оларды қарау қорытындылары туралы сұрқтар қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлерін Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақысы мөлшері мен құрамы туралы акционерлерді хабарландырады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне берілген басқа да сұратарды қарауға құқылы.

51. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде өткізілуі керек.

Есептік кезең ішіндегі Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға созылған болып есептеледі.

52. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.

53. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) Директорлар кеңесінің;

2) Ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Егер Қоғам ерікті тарату процесінде болса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыра, дайындай және өткізе алады.

Заңнамада Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын міндетті түрде шақыру жағдайлары қарастырылуы мүмкін.

54. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауды және өткізуді жүзеге асырады:

1) Басқарма;

2) Қоғамның тіркеушісі онымен жасасқан келісімшартқа сәйкес;

3) Директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы (егер қолдануға болатын болса).

55. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығыстарды, заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.

56. Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімінің негізінде шақырыла және өткізіле алады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы ірі акционердің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырыла және өткізіле алады, егер оның Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы талаптарын Қоғамның органдары орындамаса.

57. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талаптар, соның ішінде ірі акционердің талабы, Директорлар кеңесіне Қоғамның Басқармасы орналасқан мекенжайға сол жиналыстың күн тәртібі көрсетіл уі тиісі жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің ірі акционердің талабымен шақырылған Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтардың тұжырымдауларына өзгерістер енгізуге және жиналысты өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Ұсынылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру кезінде Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қарауы бойынша кез келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

Егер Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жөнінде ірі акционер (акционерлер) талап білдірсе, ол талапта жиналысты шақыруды талап еткен акционердің (акционерлердің) аттары (атаулары) және оған тиесілі акция саны, түрлері көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жөніндегі талапқа Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды талап еткен тұлға (тұлғалар) қол қояды.

58. Директорлар кеңесі аталған талапты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде шешім қабылдауы тиіс және мұндай шешімді қабылдаған мезеттен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей талап қойған тұлғаға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы қабылданған шешім туралы немесе жиналысты шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге тиісті.

Қоғамның Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімді келесі жағдайларда қабылдайды:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап етудің Заңнамамен белгіленген тәртібі сақталмаса;

2) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған сұрақтар заңнама талаптарына сәйкес келмесе.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімін сотта даулауға болады.

Егер Заңда беліленген мерзім ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі қойылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, жиналысты шақыруды талап еткен тұлға Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуді міндеттеуді талап етіп сотқа жүгінуге құқылы.

59. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімін Қоғамның тіркеушісі Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізбесі жүйесіндегі деректер негізінде жасайды. Аталған тізім жасалған күн Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

Акционерлер тізіміне енгізілетін мәліметтерді өкілетті орган белгілейді.

60. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі дауыс беруші акцияларды иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге көшеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

61. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты жиналысқа оған қатысу құқығына ие тұлғалардың барынша көп саны қатыса алатындай белгіленуі керек. Акционерлердің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасы, Астана қ. өткізіледі.

62. Акционерлер Жалпы жиналыстың өткізілетіндігі туралы жиналыс өтетін күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - жиналыс өтетін күннен 45 күнтізбелік күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей хабардар етілуі тиіс

63. Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарлама осы Жарғыда көрсетілген ақпарат құралдарында, сонымен қатар Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының листингтік қағидаларымен қарастырылған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жарғының 62-тармағында белгіленген мерзімдер белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарлама жарияланған күннен бастап немесе акционерлерге жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап саналады.

64. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабарламада келесі мәліметтер болуы тиіс:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) Жиналысты шақыруға бастамашылық етуші туралы мәліметтер;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күн мен жиналыстың өтетін орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сонымен қатар, өткізілуі тиіс бірінші жиналыс өтпей қалған жағдайда, қайтадан өткізілетін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының өтетін күні мен орны;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы акционерлердің тізімі жасалатын күн;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

7) Жиналысты өткізу тәртібі;

8) Сырттай дауыс беру үшін сырттай дауыс беруді жүргізудің тәртібі және процедурасы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің оларға сәйкес жиналыс өткізілетін нормалары.

Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдаған кезде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Қоғам тіркеушісіне жүгіне алады.

Миноритарлық акционердің жүгінуі және Қоғам тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат таратуының тәтібі құнды қағаздар ұстаушыларының тізімдемесі жүйесін жүргізу бойынша келісімшартпен белгіленеді.

65. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу күні Акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте емес белгілене алады.

66. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысы Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын өткізу үшін белгіленген жерде өткізіледі.

67. Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі керек.

68. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасақтайды және күн тәртібі талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған жеткілікті сұрақтар тізімінен тұруы тиіс. Күн тәртібінде «түрлі», «өзге», «басқа» сияқты сөздерді қоса, кеңінен түсінілетін тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

Қоғамның дауыс беруші акцияларының 5% (бес) және одан көп пайызына жеке немесе басқа акционерлермен бірігіп иелік ететін акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыра алады, егер Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар болатындығы туралы Жалпы жиналыс өтетін күннен 15 (он бес) күн бұрын немесе Жарғының 71-тармағында көрсетілген тәртіпте хабардар етілсе.

69. Акционерлердің көзбе көз өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөніндегі Директорлар кеңесі алған ұсыныстар туралы мәлімдеуге міндетті.

70. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа қатысушы дауыс беруші акциялардың жалпы санының көпшілігімен жүзеге асырылады.

71. Күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіле алады, егер олар үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және жалпы жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының кемінде 95 (тоқсан бес) пайызына иелік ететін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілік бөлігі дауыс берсе.

Күн тәртібін ол бойынша шешім артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін сұрақпен толықтыруға болады, егер ол үшін орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы көлемінің кемінде үштен екі бөлігі дауыс берсе.

Жалпы жиналыс шешімді сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған кезде, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

72. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген сұрақты қарауға және ол бойынша шешімдер шығаруға құқылы емес.

73. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарда сол сұрақтар бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс. Корпоративтік хатшы

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар жасақтауды қамтамасыз етеді.

74. Қоғамның органдарын (Директорлар кеңесін) сайлау сұрақтары бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) Тегі, аты, қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) Білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға еншілестілік туралы мәліметтер;
- 4) Соңғы 3 (үш) жыл ішіндегі жұмыс орындары мен лауазымдары туралы

мәліметтер;

5) Кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да мәліметтер.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы сұрақ енгізілген жағдайда, материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттың қандай акционердің өкілі екендігі немесе оның Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болатындығы-болмайтындығы туралы көрсетілуі керек. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидат Жарғының 113-тармағында көрсетілген акционер немесе жеке тұлға болса, бұл мәліметтер де акционерлер тізімін жасақтау күніне, акционердің Қоғамның дауыс беруші акцияларына иелігінің үлесі туралы деректерді қоса отырып, материалдарда көрсетуге жатады.

75. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бойынша материалдарда келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық есептілігі (шоғырландырылған және жеке);
- 2) жылдық есептілікке (шоғырландырылған және жеке) аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар кеңесінің Қоғамның аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза

кірісін бөлу тәртібі туралы және дивидендтердің Қоғамның 1 (бір) жай акциясына және 1 (бір) артықшылықты акциясына (егер артықшылықты акцияны Қоғам шығарған болса) есептегендегі мөлшері туралы ұсынысы;

4) акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттері бойынша жүгінулері мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) Акционердердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашылық етушінің қарауы бойынша өзге де құжаттар.

76. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар жиналыс өтетін күннен 10 (он) күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей Қоғамның Бақармасы орналасқан жерде дайын және қолжетімді болуы керек, ал акционердің сұрауы болған жағдайда – сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жіберлуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

77. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеуді аяқтау мезетіне тізімге енгізілген жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, Қоғамның дауыс беруші акцияларының жиынтығында 50 (елу) және одан аса пайызына иелік ететін акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе (кворум).

78. Акционердердің өтпей қалған жиналыстың орнына қайта өткізілетін жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтарды қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы, егер:

1) кворум жиналмауы себепті өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) жиналысқа қатысу үшін тіркеудің аяқталуы мезетіне тізімге енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, сонымен қатар Қоғамның дауыс

беруші акцияларының жиынтығында 40% (қырық) және одан аса пайызына иелік ететін сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелсе, ал егер Қоғам акционерлерінің саны он мың және одан артық болса, онда Қоғамның дауыс беруші акцияларының 15% (он бес) және одан аса пайызына иелік ететін сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелсе;

79. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер жіберілген жағдайда, ол бюллетендерде көрсетілген және Жалпы жиналыс қатысушыларын тіркеу мезетіне Қоғам алған дауыстар кворумды анықтағанда және дауыс беру қорытындыларын шығарғанда ескеріледі.

80. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізгенде кворум жиналмаса, Акционерлердің жалпы жиналысы қайта өткізілмейді.

81. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға және қаралатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқылы.

82. Қоғам Басқармасы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде болуға құқықтары жоқ. Қоғам жұмыскерлері Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілі ретінде болуға құқықтары жоқ, мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтардың барлығы бойынша нақты нұқсаулар бар сенімхатқа негізделген жағдайды қоспағанда.

Акционердің өкілі Заңнамаға сәйкес ресімделген сенімхат бойынша әрекет етеді.

83. Заңнамаға немесе келісімшартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге және оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін және қаралатын сұрақтар бойынша дауыс беру үшін сенімхат қажет емес.

84. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға, Кодекске немесе Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.

85. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін жиналысқа келген барлық акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттіктерін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуден өтпеген акционер (немесе акционердің өкілі) кворумды анықтауда есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғамның артықшылықта акциялар иесі болып табылатын акционері көзбе көз өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және жиналыста қаралатын сұрақтарды талқылауға құқылы, алайда, Жарғының 30-тармағында қарастырылған жағдайды қоспағанда, оның дауыс беру құқығы жоқ.

Акционерлердің көзбе көз өткізілетін жалпы жиналысына шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте мұндай тұлғалар Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеуге жиналыс төрағасының рұқсатымен құқылы.

86. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын ашыла алмайды, акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, хабардар етілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы болмаған жағдайды қоспағанда.

87. Акционерлердің жалпы жиналысы төраға (президиум) сайлауды жүргізеді.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру формасын анықтайды – немесе құпия (бюллетень бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) сайлау сұрағы бойынша дауыс беру «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, ал шешім Қоғамның

жиналысқа қатысып отырған және дауыс беруге қатысу құқығы бар дауыс беруші акцияларының жалпы саының жай көпшілігімен қабылданады. Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды, жиналысқа қатысып отырғандардың барлығы Басқарма құрамына кіретін жағдайды қоспағанда.

88. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып отырған сұрақ бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сонымен қатар ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

Төрағаның күн тәртібіндегі сұрақтарды талдауға қатысты құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне кедергі жасауға құқығы жоқ, мұндай сөз сөйлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкелетін немесе сұрақ бойынша жарыссөз аяқталған жағдайларды қоспағанда.

89. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген сұрақтарды қарауды келесі күнге көшіру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

90. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі сұрақтардың барлығы қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

91. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына түсірілген кез келген ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

92. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге қолданыла алады (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізусіз қолданыла алады.

93. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беруге арналған бірыңғай формадағы бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады).

Қоғам дауыс беруге арналған бюллетеньдерді Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатымен жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқысыз.

94. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысы өтетін күннен 45(қырық бес) күн бұрын мерзімнен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс бергенде, Қоғам Жарғының 63-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіндігі туралы хабарламамен бірге жариялайды.

95. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде келесілер болуы тиіс:

1) Қоғам бақармасының толық атауы және орналасқан жері;

2) жиналысты шақыру бастамашысы туралы ақпарат;

3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді тапсырудың түпкілікті күні;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізу күні немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттары, егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау сұрағы бар болса;

7) Дауыс берілетін сұрақтардың тұжырымдамалары;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша «қарсы емес», «қарсы», «бейтарап» сөздерімен берілген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

96. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер – жеке тұлғаның өзі сол тұлғаны куәландыратын құжат мәліметтерін көрсете отырып, қол қояды.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады, жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда.

Акционер – жеке тұлғаның немесе акционер – заңды тұлғаның қолы қойылмаған, сонымен қатар акционер – заңды тұлғаның мөрі басылмаған бюллетень, жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, күшке ие емес болып саналады.

Дауыстарды санағанда акционер бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының тек 1 (біреуін) ғана белгілеп көрсеткен сұрақтар бойынша ғана дауыс есепке алынады.

97. Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау сұрағы бар болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстар санын көрсетуге арналған жиегі болуы тиіс.

98. Егер Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізу кезінде тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер акционерлердің барлығынан дауыстарды санаудың белгіленген күнінен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды санауды ерте бастауға рұқсат етіледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетілуі тиіс.

99. Егер сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді алдында жіберген акционер Акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын жалпы жиналысына қатысуға келетін болса, оның бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтағанда және күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша дауыстарды санағанда есепке алынбайды.

100. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру «1 (бір) акция – 1 (бір) дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады, келесі жағдайларды қоспағанда:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда 1 (бір) акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың барынша көп саны шектеледі;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық сұрақтары бойынша 1 (бір) дауыс беру.

Дауыс беру қорытындылары бойынша есептеу комиссиясы (немесе есептік комиссия функцияларын атқарушы тұлға) дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға қол қояды.

Дауыс беруге шығарылған сұрақтар бойынша акционердің ерекше пікірі бар болса, Қоғамның есептеу комиссиясы (немесе есептік комиссия функцияларын атқарушы тұлға) хаттамаға тиісті жазуды түсіруі керек.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін, хаттама жасауға негіз болған толтырылған көзбе көз құпия

және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (оның ішіне күшке ие емес деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосуға жатады.

Дауыс беру қорытындылары дауыс беру өткен Акционерлердің жалпы жиналысында естіріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру қорытындылары акционерлерге оларды Жарғының 189-тармағында көрсетілген бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі.

101. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалуы және оған қол қойылуы керек.

102. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында келесілер көрсетіледі:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өту күні, уақыты және орны;
- 3) Акционерлерінің жалпы жиналысындағы дауыс беруші акциялардың саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөйлеген сөздері;
- 9) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге шығарылған әр сұрақ бойынша дауыстардың жалпы саны;
- 10) дауыс беруге шығарылған сұрақтар, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы сұрақ қарастырылған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор екендігі көрсетіледі.

103. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қол қояды:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум мүшелері);
- 2) есептеу комиссиясының мүшелері;
- 3) Қоғамның дауыс беруші акцияларының 10% (он) пайызына иелік ететін және Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.

Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғаның қол қоюы мүмкін болмаған жағдайда, хаттамаға оның өкілі оған берілген сенімхат негізінде қол қояды не болмаса Қазақстан Республикасы заңнамасына немесе келісімшартқа сәйкес, акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге және оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.

104. Жарғының 103-тармағында көрсетілген тұлғалардың қайсыбірі хаттама мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға, қол қоюдан бас тартуының себебін жазбаша түсіндіріп, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы.

105. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру

құқығына сенімхаттармен, сонымен қатар қол қоюдан бас тартуы себебінің жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Қоғам Басқармасында сақталуы тиіс және кез келген уақытта акционерлерге танысу үшін берілуі керек. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

10. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

106. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту, олардың түрлерін анықтау немесе Қоғамның жарияланбаған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау және оларды өзгерту;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;

6) Жарияланған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түрімен алмастыру туралы шешім қабылдау, мұндай алмастырудың шарттары мен тәртібін анықтау;

7) Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының ресми тізімінен Қоғамның құнды қағаздарын уақытша немесе тұрақты алып тастау туралы (делистинг) туралы шешім қабылдау;

8) Кодексті, сонымен қатар Кодекске өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

9) есептеу комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттілік мерзімін анықтау, есептеу комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

10) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, олардың құзыреттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғандығы үшін төленетін сыйақы мен олардың шығыстарын өтеу мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;

11) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

12) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) бекіту;

13) Қоғамның аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, Қоғамның артықшылықты (егер мұндай акцияларды Қоғам шығарған болса) және жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және дивидендтердің Қоғамның 1 (бір) жай акциясына және 1 (бір) артықшылықты акциясына (егер артықшылықты акцияны Қоғам шығарған болса) есептегендегі мөлшерін бекіту;

14) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;

16) Заңнамада қарастырылған жағдайларда Қоғамның жасалуында мүдде бар мәмілелер жасауы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шықырылуы туралы акционерлерге хабарлаудың формасын анықтау және ол ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта акциялар сатып алуы кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту, сонымен қатар әдістемеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

19) Директорлар кеңесінің мүшелеріне акцияларға опциондар беру туралы шешім қабылдау;

20) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

21) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін бекіту, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау, егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысында анықталмаған болса;

22) Қоғамның заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметтеріне қатысуы туралы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтерінің қосындысында 25% (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның жалпы баланстық құнының мөлшерінің 50% (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла лататын) мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күнге нәтижесінде Қоғамның жалпы баланстық құны мөлшерінің 50% (елу) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

24) шешім қабылдау Заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де сұрақтар.

107. Жарғының 106-тармағының 2) – 3), 8), 18) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен, егер заңнамамен басқаша белгіленбесе, қабылданады. Жарғының 106-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәселелерді Акционерлердің жалпы жиналысы қарастыра алады және олар бойынша шешімдер жарғының 111-тармағының 51) тармақшасына және 136-тармағына сәйкес қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі болған жағдайда ғана қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының өзге сұрақтар бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысып отырған дауыс беруші акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады, егер заңнамамен басқаша белгіленбесе.

108. Шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған сұрақтарды басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың немесе Қоғамның жұмыскерлерінің құзыретіне табыстауға жол берлмейді, егер заңнамамен басқаша белгіленесе.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның өзге органдарының Қоғамның ішкі қызметіне жататын сұрақтар бойынша кез келген шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

109. Директорлар кеңесі, Заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған сұрақтарды шешуді қосапағанда, Қоғамның жалпы қызметіне басшылық етеді.

Директорлар кеңесінің әр мүшесі Қоғамның мүдделерін білдіру мақсатында әрекет етуге міндетті.

110. Директорлар кеңесі келесілерді орындауы тиіс:

1) мүдделер тартысын қадағалауы және ықтимал қақтығыстарды, соның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және жасалуында мүдде бар мәмілелерді жасасу кезінде теріс пайдалануды мүмкіндігінше лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде жоюы тиіс;

2) Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

111. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Қоғам қызметінің басымдықты бағыттарын анықтау, Қоғамның даму стратегиясын және даму жоспарын (оған өзгерістер мен толықтырулар); Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуы туралы жылдық есепті мақұлдау;

2) Қоғамның 5 (бес) жылға арналған шоғырландырылған бизнес-жоспарын бекіту, оның іске асырылуын және орындалуын бақылауды жүзеге асыру, сонымен қатар шоғырландырылған бизнес-жоспардың түзетулерін бекіту;

3) Акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акциялардың саны шеңберінде орналастырылған (өткізілген) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту, Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмысы туралы жылдық есепті мақұлдау;

6) Қоғамның интеграцияландырылған жылдық есебін бекіту;

7) Қоғамның аралық қаржылық есептілігін (жарты жылдық) қарау және бекіту ;

8) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізгендігі үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Қоғамның акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының төлемақы мөлшерлерін анықтау;

9) Қоғамның облигацияларын және туынды құнды қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау, сонымен қатар оларды шығару туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімдерін анықтау, ол туралы ережені бекіту, Басқарма Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметтерінің және еңбекақының, сыйақы төлеудің және әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын анықтау, Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану және оны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылдау;

11) Акционердердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

12) Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшеріне және оны төлеу шарттарына қатысты Акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстар беру;

13) Директорлар кеңесінің қандай да бір комитетін немесе өзге органын құру, оларды жасақтаудың және жұмыс істеуінің тәртіптерін, құрамын, қызметі мен өкілеттілік шеңберін анықтау, олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамда ішкі бақылау процедураларының сақталуын жүзеге асыру және бақылау жүргізу;

15) Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімдерін анықтау, ол туралы ережені бекіту, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату,

Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреттері мен функцияларын, сонымен қатар еңбекақының, сыйлық төлеудің және әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын анықтау, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау; Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін бекіту және олар бойынша шешім қабылдау;

16) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысының өкілеттілік мерзімдерін анықтау, сонымен қатар оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның Комплаенс қызметі туралы ережені бекіту, Қоғамның Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібін, оның құзыреттері мен функцияларын, сонымен қатар еңбекақының, сыйлық төлеудің және әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын анықтау, Қоғамның Комплаенс қызметінің басшысына тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау; Қоғамның Комплаенс қызметінің жұмыс жоспарын бекіту, Қоғамның Комплаенс қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешім қабылдау, Қоғамның Комплаенс қызметі бойынша саясаттарын, процедураларын және өзге құжаттарын бекіту;

17) Корпоративтік хатшының өкілеттілік мерзімдерін тағайындау, анықтау, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, ұжымдық хатшы қызметін құру туралы шешім қабылдайды, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық қызметақысының, сыйақы төлеудің және әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын анықтау, корпоративтік хатшыға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;

18) Омбудсменнің өкілеттілік мерзімдерін тағайындау, анықтау, оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ол туралы ережені бекіту, сонымен қатар омбудсменнің лауазымдық қызметақысының, сыйақы төлеудің және әлеуметтік қолдаудың мөлшері мен шарттарын анықтау, омбудсменге тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау; омбудсменнің қызметі туралы есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау (егер ол болса);

20) Директорлар кеңесі тізімін бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, соның ішінде Қоғамның құнды қағаздарын акционерлер және (немесе) жазылулар арқылы орналастырудың шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту,

21) басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10% (он) және одан көп пайызын Қоғамның сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға немесе осы Жарғының 106-тармағының 22) тармақшасымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде активтер бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушыларының (акционерлерінің) құрамынан шығу туралы шешімдер қабылдау;

23) Қоғамның шетелдік филиалдары мен өкілеттіліктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

24) Қоғамның осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған ірі мәмілелерден басқа ірі мәмілелерді заңнамаға сәйкес жасасуы туралы шешімдер қабылдау;

25) жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау, осы Жарғыға сәйкес Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді қоспағанда;

26) Қоғамның міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 10% (он) және одан көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы шешімдер қабылдау;

27) Қоғамның (немесе оның кез келген еншілес немесе бірлесіп бақыланатын ұйымдарының) Қазақстан Республикасында, сонымен қатар одан тысқары жер қойнауын пайдалануға лицензияларды немесе келісімшарттарды алуы, табыстауы, осындай лицензияларға немесе келісімшарттарға өзгерістер енгізу (тараптардың реквизиттерін өзгерту және редакциялық сипаттағы өзгерістер енгізу жағдайларын қоспағанда), жер қойнауын пайдалану туралы заңнама шеңберінде стратегиялық әріптестермен келісімшарттар жасасу;

28) Қоғамның дивидендтік саясатын алдын ала бекіту және оны Акционерлердің жалпы жиналысының бекітуіне шығару;

29) Қоғамның аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғам жыл қорытындылары бойынша және/немесе Қоғамның дивидендтер саясатымен анықталған тәртіпте төлейтін, Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегендегі дивидендтер мөлшерлері туралы Акционердердің жалпы жиналысына ұсыныстар беру;

30) Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасындағы листингтік қағидалардың сақталуын бақылау;

31) Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының ресми тізімінен Қоғамның құнды қағаздарын уақытша немесе тұрақты алып тастау туралы шешімді алдын ала бекіту;

32) акцияларға кез келген опциондар (опциондық бағдарламалар) жоспарларын және/немесе Қоғам Басқармасы Төрағасының, Басқарма мүшелерінің және Қоғам жұмыскерлерінің ұзақмерзімдік жоспарларын бекіту;

33) Қоғамның өзіне тиесілі барлық активтерінің құнынан 0,25% (нөл бүтін жиырма бет ондық пайызы) сомасына балама немесе одан асатын әлеуметтік шығыстарын мақұлдау (әлеуметтік шығындардан басқа заңнама бойынша талап етілетіннен басқа, Жарғыда қарастырылған жағдайларда немесе қолданыстағы келісімшарттар бойынша);

34) Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту, Қоғамның филиалдары мен өкілеттіктерін, Қоғамның орталық аппарат құрылымын қоса алғанда;

35) Қоғам Басқармасының мүшелерін басқа заңды тұлғаның органдарына сайлау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігі жөнінде келісім беру туралы шешімдер қабылдау;

36) Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;

37) Қоғамның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсаттық және нақты мәндерін, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің, корпоративтік хатшы мен омбудсмен қызметтерінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін бекіту және олардың іске асырылуын бақылау;

38) Қоғамның есептік саясатын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

39) Қоғамның және Қоғам тікелей немесе жанама түрде акцияларына (қатысу үлестеріне) иелік ететін заңды тұлғалардың активтерін басқару сұрақтарын (қайта құрылымдау, қайта құру, тарату, сатып алу және (немесе) иеліктен шығару, сенімгерлік басқаруға табыстау, ауыртпалықтар салу/құру және т.б. сұрақтарын қоса, алайда олармен шектелмей) регламенттейтін құжатты бекіту, оны іске асыруды мониторингтеу, сонымен қатар аталған құжатты кезеңдік негізде қайта қарау;

40) Қоғам акцияларына (қатысу үлестеріне) тікелей немесе жанама түрде иелік ететін заңды тұлғалардың лауазымдық тұлғаларына қатысты ішкі құжаттарды бекіту;

41) Қоғамның тәуекелдерін басқару стратегиясы мен саясатын анықтау, тәуекелдерді басқару жүйесінің орындалуын қамтамасыз ету және оның тиімділігін бағалау;

42) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10% (он) және одан көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметтің сұрақтары бойынша шешімдер қабылдау;

43) Заңнамамен қарастырылған, сонымен қатар акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілетін ішкі құжаттармен қарастырылған шешімдерді қабылдау, Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне немесе Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған шешімдерді қоспағанда;

44) стратегияны және акционерлердің күткендері, инвестициялық жобалардың орындалуы, қызметтің корпоративтік негізгі көрсеткіштерінің орындалу прогресі, өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы, трансформациялау бағдарламасының орындалуы туралы қоса және бұлармен шектелмей, бизнестің операциялық бағыттарының әрқайсысы бойынша жаңартуды қоса, Басқарманың есептік кезеңде орын алған негізгі іс-шаралар туралы есебін қарау;

45) Басқарманың аяқталған кезең ішіндегі қызметтің қаржылық нәтижелері сипатталған, жоспардан кез келген ауытқулардың түсіндірмесі мен бұл ауытқулардың талдауы берілген есебін қарау;

46) тұрақты даму облысындағы стратегиялық құжаттарды, тұрақты даму облысындағы есепті және іс-шаралар жоспарын бекіту;

47) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;

48) Олар бойынша шешім Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданатын мәмілелерді есептемегенде нәтижесінде Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің 10% (он) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

49) ірі инвестициялық жобаларды немесе басқа шешуші стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуына мониторинг жүргізу;

50) мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мекемелермен, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындармен, елу және одан астам дауысқа ие акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалармен және Қоғамның еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаларымен мәмілелерді есепке алмағанда олармен қауымдасқан заңды тұлғалармен мәмілелер, сондай-ақ типтік нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттарды бекіту туралы шешім қабылдау;

51) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау және оны жаңа редакцияда бекіту;

52) заңнамамен, тиісті қор биржасының листингтік қағидаларымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен, әдістемелік ұсыныстармен және корпоративтік стандарттармен дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 50 (елу) және одан көп пайызына тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры иелік ететін заңды тұлғаларға қатысты өзге де сұрақтар.

112. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған сұрақтар Қоғам Басқармасының шешуі үшін табыстала алмайды.

Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқысыз.

113. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің арасынан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (белгіленген) тұлғалар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесінің мүшелігіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдаланып кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, Директорлар кеңесіндегі 1 (бір) орынға 1 (бір) кандидат дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда. Әр акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толығымен 1 (бір) кандидат үшін дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың бірнешеуі арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидат Директорлар кеңесіне мүше болып сайланған деп есептеледі. Егер Директорлар кеңесіне 2 (екі) және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивтік дауыс беру тең дауыс жинаған кандидаттар көрсетіліп акционерлерге кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін беру жолымен өткізіледі.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде келесі графалар болуы тиіс:

- 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;
- 2) акционерге тиесілі дауыстар саны;
- 3) акционердің Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.

Кумулятивтік дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «бейтарап» нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

114. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кемінде 30% (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

115. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесінің мүшелігіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып, сонымен қатар Директорлар кеңесінің комитеттерінің кез келгенінің төрағасы болып сайлана алмайды.

116. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны (уақытша бос орындар жоқ болғанда), тәуелсіз директорлар мен Қоғамның Басқарма Төрағасын қосқанда, кемінде 6 (алты) адам болуы тиіс.

117. Келесі тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

- 1) жоғары білімі жоқ;
- 2) жойылмаған немесе заңнамада белгіленген тәртіпте алынып тасталмаған сотталғандығы бар;

3) бұрын заңды тұлғаның басшы қызметкері (Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (Басқарма Төрағасы), басшының орынбасары, бас есепші) болған және осы тұлға жұмыс істеп жүрген уақытта сол заңды тұлға дәрменсіз деп танылған немесе консервацияланған, санацияланған, мәжбүрлі таратылған. Бұл талап дәрменсіздік, консервация, санация, мәжбүрлі тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады;

4) сот меншік құқығына қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс жасады деп таныған, сонымен қатар аталған қылмыстарды жасағандығы үшін қылмыстық жауапкершіліктен ақталмайтын негіздер бойынша босатылған акционерлік қоғамның бұрын лауазымдық тұлғасы болған. Бұл талап заңда белгіленген тәртіпте сотталғандық жойылған немесе алынып тасталған немесе қылмыстық жауапкершіліктен босатылған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданылады.

5) Қоғаммен бәсекелесті заңды тұлғаның акционерлері (қатысушылары), лауазымды тұлғалары немесе жұмыскерлері болып табылатын.

118. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар заңнамада, Жарғыда және Кодексте қарастырылған тәртіпте қайта сайлана алады.

119. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттілік мерзімдері бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімдерімен сәйкеседі. Директорлар кеңесінің мүшелері 3 (үш) жыл мерзімге сайланады, кейіннен, қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда, тағы 3 (үш) жылға қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан аса мерзімге (мысалы, үшжылдық мерзімге екі рет) кез келген сайлау мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігін ескерумен ерекше қарауға жатады.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына 9 (тоғыз) жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан аса мерзімге сайлауға жол беріледі, тәуелсіз директорды Директорлар кеңесінің құрамына сайлау жыл сайын, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігі және бұл фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне ықпалы егжей-тегжей түсіндіріліп жүргізілуі тиіс.

Тәуелсіз директордың кандидатурасы келесі критерийлерді қанағаттандыруы тиіс:

1) Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде Қоғамның үлестес тұлғасы болмаған (оның Қоғамның тәуелсіз директоры болуы жағдайын қоспағанда);

2) Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының жұмыскері болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде Қоғамның және оның үлестес тұлғаларының жұмыскері болмаған;

3) Қоғам жұмыскерімен жақын туыстықта (ата-ана, аға-іні, апа-қарындас-сіңлі, ұлы, қызы), некеде, сонымен қатар Қоғам жұмыскерімен жекжаттықта (жұбайының аға-інісі, апа-қарындас-сіңлісі, ата-анасы, ұлы, қызы) жоқ және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болмаған;

4) Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

5) Қоғамның немесе Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын ұйымдардың лауазымдық тұлғаларымен бағыныштылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде бұл тұлғалармен бағыныштылықпен байланысты болмаған;

6) Қоғамның ірі клиентінің немесе жабдықтаушысының не болмаса оның үлестес тұлғаларының үлесес тұлғасы емес және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ;

7) Қоғамнан немесе оның үлестес тұлғаларынан елеулі қаржыландыру алатын коммерциялық ұйымның үлестес тұлғасы болып табылмайды;

8) Қоғамға немесе оның үлестес тұлғаларына кез келген ақылы қызметтер, соның ішінде кеңестік қызмет көрсетпейді;

9) Қоғамның жұмыскері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі қызметін атқаратын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы емес;

10) мемлекеттік қызметші емес;

11) Қоғам органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ;

12) Қоғамның аудитору болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ;

13) Қоғам аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде мұндай аудитке қатысқан жоқ;

14) Қоғамның немесе оның үлестес тұлғаларының аудиторуның үлестес тұлғасы емес және Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде болған жоқ.

120. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіліктері Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап доғарылады.

121. Директорлар кеңесінің мүшесінің өкілеттіліктерін оның өзінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Егер хабарламада Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіліктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған мезетте бастап доғарылады.

122. Директорлар кеңесінің қандай да бір мүшесінің өкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалпы жиналысқа қатысушы акционерлердің кумулятивтік дауыс беруімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіліктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімінің аяқталуымен бір мезетте ақталады.

123. Директорлар кеңесінің Төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

124. Директорлар кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 3) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- 4) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен келісімшарт жасасады және еңбек заңнамасымен қарастырылған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
- 5) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысының, Комплаенс қызметінің басшысының және омбудсменінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 6) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды және Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің ұсыныстары мен Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талаптарды ескере отырып, күн тәртібін жасақтайды (Жарғының 127-тармағында көрсетілгендей);
- 7) Акционерлермен тұраты байланысты және өзара әрекеттесуді қолдайды, стратегиялық сұрақтар бойынша шешімдер қабылдау кезінде ірі акционерлермен кеңесуді қоса;
- 8) Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің тиісті түрде орындалуын қадағалауды жүзеге асырады.

125. Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабыданған шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі атқарады.

126. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің төрағасының немесе Басқарма Төрағасының бастамасы бойынша немесе келесілердің талабы бойынша шақырыла алады:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Ірі акционердің.

127. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап тиісті материалдарды қоса берумен Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесінің ұсынылатын күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы беріледі. Директорлар кеңесінің төрағасы шақыру туралы осындай талап келіп түскеннен бастап 2 (екі) күн ішінде Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы (немесе шақырудан бас тарту туралы) шешім қабылдауы тиіс.

Егер мұндай шешімді Директорлар кеңесінің төрағасы көрсетілген мерзімде қабылдаса, сонымен қатар Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартса, шақыру бастамашысы аталған талаппен Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы және Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Қоғам Басқармасы шақыру туралы талап сәйкесінше не Директорлар кеңесінің төрағасына, не болмаса Қоғам Басқармасына келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей шақырылуы тиіс. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеме реттеледі. Мұндай отырыс аталан талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

128. Директорлар кеңесінің төрағасы және Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқысыз, келесі жағдайларды қоспағанда, егер:

1) Отырысты шақыру туралы талап заңнамаға, Жарғыға және (немесе) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес келмейді;

2) Талап қойған тұлға Директорлар кеңесінің отырысын шақыру құқығына ие емес;

3) Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылып отырған барлық сұрақтарды шешу Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпаса.

129. Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетіндігі туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі анықтайды.

130. Директорлар кеңесінің төрағасының қарауымен Директорлар кеңесі көзбе көз түрде (тікелей дауыс беру) немесе сырттай түрде (бюллетеньдер арқылы дауыс беру). Жарғының Директорлар кеңесінің отырысының өту тәртібін реттейтін ережелері көзбе көз түрге де, сырттай түрге де қолданылады, егер мәнмәтіннен тікелей басқаша шықпаса.

131. Осы Жарғының 111-тармағының 1), 4), 6), 9) -10), 12) – 14), 19), 21)-22), 24),27), 29), 31)-32), 34), 36)-37), 41), 44)-45), 49) тармақшаларында көрсетілген және/немесе Директорлар кеңесімен анықталатын Қоғам қызметінің стратегиялық сұрақтары, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің, комплеанс қызметінің басшыларының, осы Жарғының 111-тармағының 15-18) тармақшаларында көрсетілген корпоративтік хатшы мен омбудсмен өкілдіктерін тағайындау және мерзімінен тоқтату мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде, сонымен қатар заңнамаға және Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің отырысына осындай отырысты шақыру туралы талап қойған тұлғаны, егер ол тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмаса, міндетті түрде шақыру талап етілетін жағдайларда Директорлар кеңесінің сырттай отырысын өткізуге жол берілмейді.

Күн тәртібінің сұрақтары бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне көзбе көз отырысты өткізуден кемінде 10 (он) күн бұрын (ал сырттай отырыста – сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күнге дейін) ұсынылады, материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен кемінде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын берілетін төменде көрсетілген сұрақтарды қоспағанда:

1) Қоғам қызметінің басымдықты бағыттарын анықтау;

2) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

3) Қоғамның даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту;

4) Акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акциялардың сан шеңберінде орналастырылған (өткізілген) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау,

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелерін сайлау, сыйақы бөлу, қызметтің негізгі көрсеткіштерін және олардың мақсатты мен нақты мәнін бекіту, мұрагерлікті жоспарлау және Қоғамның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің қызметіне қадағалау;

7) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) бекіту, Қоғам акционерлеріне Қоғамның аяқталған қаржылық жыл ішіндегі таза кірісін бөлу тәртібі туралы және бір жай және ір артықшылықты акцияға (бар болса) есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

8) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

9) интеграцияланған жылдық есептілікті бекіту;

10) ірі инвестициялық жобаларды және басқа да түйінді стратегиялық жобаларды іске асыру;

11) Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны мен Қоғамның орталық аппаратының құрылымын бекіту.

Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдар дайындау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережелерімен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.

132. Ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдде бар мәміле жасасу тураы шешім қабылдау туралы сұрақ қаралған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарда мәміле туралы ақпарат құрамында мәміле тараптары, сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын активтер (егер қолданылса), мәміленің мерзімдері мен шарттары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі, бағалаушы есебі (егер мәміле нәтижесінде Қоғам активтерінің баланстық құнының мөлшерінің 10% (он) және одан көп пайызы сомасына мүлік сатылып алынатын болса немесе меліктен шығарылатын болса), сонымен қатар, бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтер болуы тиіс.

133. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жөнінде Қоғам Басқармасын алдын ала хабардар етуге міндетті.

134. Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесінің қандай да бір комитетінің мүшелері, сонымен қатар сарапшылар Директорлар кеңесінің немесе осындай комитеттің отырысына телефонмен немесе отырыс қатысушыларының барлығы бірін бірі естіп және бір бірімен сөйлесуге болатындай басқа да байланыс түрімен конференц-байланыс арқылы қатыса алады. Директорлар кеңесінің отырысына осындай байланыс арқылы қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелері, Жарғыға сәйкес дауыс беруге және кворумда есепке алуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай отырысы сырттай болып табылады, хатпен, факсимильдік немесе электрондық хабарламалармен алмасу немесе отырыс қатысушыларының барлығы үшін қолжетімді болып табылатын, жіберілетін және қабылданатын хабарламалардың тең түпнұсқалылығын қамтамасыз ететін өзге де байланыс түрлерін пайдаланумен және сырттай дауыс беру бюллетеньдері үшін қарастырылған мазмұн бойынша ақпаратты жазбаша түрде мазмұндаумен қоса жүреді.

135. Директорлар кеңесінің отырысы өкілетті өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысын құрайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы саны кворум үін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Ационерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесі жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәміле бойынша шешім қабылдауы тиіс болған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін қажетті кворум Директорлар кеңесінің осындай мәміледе мүддесі жоқ (немесе мүддесі жоқ да есептелетін) мүшелерінің кемінде 2 (екі) мүшесінен тұруы тиіс. Қоғамның осындай мәміле жасасу туралы шешімі Директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған және мәміленің жасалуында мүдделері жоқ мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдер бойынша кворум бар болғанда мойындалады.

136. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің 1 (бір) дауысы бар. Жарғының 111-тармағының 3), 10, 13), 24), 26), 31) тармақшасында көрсетілген сұрақтар бойынша шешімдер Директорлар кеңесінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің 2/3 (үштен екі) дауысымен қабылданады. Жарғының 111-тармағының 50) және 51) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешімдері жиналысқа қатысқан директорлар кеңесіне мүшелердің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және көпшілік тәуелсіз директорлар шешімін талап етеді.

Директорлар кеңесінің қалған барлық сұрақтары Директорлар кеңесінің мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, егер заңнамамен немесе Жарғымен өзгеше қарастырылмаса. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне табыстауына жол берілмейді. Директорлар кеңесінің мүшелері өзі жоқ болғанда Директорлар кеңесінің қандай да бір отырысына қатысу үшін өзінің өкілін тағайындауға құқысыз.

Дауыстар тең түскен жағдайда Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған Директорлар кеңесінің төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің Директорлар кеңесі қабылдап отырған шешіммен толық немесе жартылай келіспеуі кезінде, ол өзінің келіспеушілігін дауысқа салуға шығарылған сұрақ бойынша Директорлар кеңесінің көзбе көз отырысының хаттамасына корпоративтік хатшы түсіретін ерекше пікір түрінде мазмұндауға міндетті. Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелерінің ерекше пікірі жазбаша түрде білдіріледі және толтырылатын бюллетеньге қоса тіркеледі.

137. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

138. Директорлар кеңесінің көзбе көз өткізілген отырысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері отырыста төрағалық еткен тұлға мен корпоративтік хатшы отырса өткізілген күннен кейінгі 3 (үш) күн ішінде қол қоюары тиіс хаттамамен ресімделеді және бұл хаттамада келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Отырыс өтетін күн, уақыт және орын;
- 3) Отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) Отырыстың күн тәртібі;
- 5) Дауысқа салынған сұрақтар және олар бойынша дауыс беру қорытындылары Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен;
- 6) Директорлар кеңесінің мүшелерінің ерекше пікірлері;
- 7) Қабылданған шешімдер;
- 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Қол қойылған хаттамаға Директорлар кеңесінің отырысына қатысушылардың сөйлеген сөздері түсірілген Директорлар кеңесінің отырысының стенограммасы мен аудио және бейне жазбалары қоса тіркеледі және олар хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

139. Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген отырысында қабылданған шешімдер жазбаша түрде ресімделеді және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшысы сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен кейігі 3 (үш) күн ішінде қол қояды және ол хаттамада келесілер болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесінің сырттай отырысы өтетін күн, уақыт және орын;
- 3) Бюллетеньдері уақытылы алынған тұлғалар туралы мәліметер;
- 4) Отырыстың күн тәртібі;

5) Дауысқа салынған сұрақтар және әр сұрақ бойынша шешімдердің тұжырымдаулары және олар бойынша дауыс беру қорытындылары Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен;

- 6) Директорлар кеңесінің мүшелерінің ерекше пікірлері;
- 7) Қабылданған шешімдер;

Қол қойылған хаттамаға уақытылы алынған бюллетеньде қоса тіркеледі және олар хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

140. Директорлар кеңесінің отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесі тұрақты негізде сайлайтын және Директорлар кеңесінің хатшысы функциясын атқаратын Қоғамның корпоративтік хатшысы, Директорлар кеңесінің мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді танысу үшін ұсынуы және (немесе) оған хаттамадан және шешімдерден корпоративтік хатшының қолымен расталған үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

141. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзумен қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі бұл шешімді сот тәртібімен даулауға құқылы.

142. Директорлар кеңесі заңнамамен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзумен қабылдаған шешімді акционер сотта даулауға құқылы, егер аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) сол акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса.

Егер Заң ережелерімен өзгеше белгіленбесе, алайда Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің құқығы бар кез келген босатуға және өтеуге нұқсансыз, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі немесе Қоғамның басқа лауазымды мүшесі қандай да бір, азаматтық немесе қылмыстық, олар бойынша шешім оның пайдасына шығарылған (немесе істі қарау оның тарапынан лауазымдық міндеттері елеулі бұзу фактісін мойындаусыз тоқтатылады) немесе ол ақталған, немесе соттың оған міндеттемелерді орындамағаны немесе бұзғандығы үшін, немесе Қоғам қызметіне қатысты сенімді бұзғандығы үшін жауапкершіліктен босату беруіне негіз болған арызға байланысты, бұл ретте мұндай жауапкершілік Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Қоғамның өзге лауазымды тұлғасы жасаған алаяқтық, алдау, қасақана бұзу немесе салақтық нәтижесінде тікелей немесе жанама шегілмеген шартымен, оның сот қарауларында қорғануы кезінде көтерген кез келген міндеттемелерден босатылады немесе Қоғам активтерінен өтеу алады.

143. Анағұрлым маңызды сұрақтарды қарау үшін және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

- 1) Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар жөнінде;
- 2) Тағайындаулар және сыйақы жөнінде;
- 3) аудит жөнінде;
- 4) Өнеркәсіптік, экологиялық, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және орнақты даму бойынша;
- 5) Заңнамамен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де сұрақтар жөнінде.

Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері Қоғамның Директорлар кеңесінің сүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеуі үшін қажетті кәсіби білімдері бар сарапшылардан тұрады. Директорлар кеңесінің комитетін Қоғамның Басқарма төрағасы болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады.

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің Жарғының осы тармағының 1)-4) тармақшаларында көрсетілген комитеттерінің басшылары болып табылады.

Директорлар кеңесінің комитеттерінің жасақталуы мен жұмысы, сандық құрамы, сонымен қатар олардың Қоғамның Директорлар кеңесімен өзара іс-қимылдар процедуралары Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Директорлар кеңесі, ДК комитеттері мен мүшелері Кодекске сәйкес жыл сайынғы негізде бағаланады.

12. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

144. Ағымдағы қызметке басшылықты Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның Басқармасының басқарады.

145. Қоғам Басқармасы Қоғам қызметінің заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның басқа органдарының немесе лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылған кез келген сұрақтары бойынша шешімдер қабылдауға, соның ішінде Қоғамның мүлігіне заңнамаға, осы Жарғыға, Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес иелік етуге құқылы.

146. Қоғам Басқармасының құзыретіне мына мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады:

1) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысымен және (немесе) Директорлар кеңесімен қабылданатын құжаттарды қоспағанда)

2) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын ағайындау (қазақстандық және шетелдік);

3) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның 5 (бес) жылдық кезеңге арналған даму жоспарын (бизнес-жоспарын) мақұлдау мен оны түзету және Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

4) Қоғам стратегиясының іске асырылуы туралы жылдық есепті, жеке жылдық есепті (соның ішінде қаржылық жоспарды, Қоғамның инвестицияларының және әкімшіліктік шығыстарының сметасының жиынтық жоспарын) және Қоғамның 5 (бес) жылдық кезеңге арналған жеке бизнес-жоспарын бекіту;

5) Қоғамның ҚР аумағындағы филиалдары мен өкілдіктерінің ашу және жабу, сонымен қатар олар туралы ережелерді бекіту;

6) Қоғамның заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен Қоғамның өзге органдарының және Басқарма Төрағасының құзыреттеріне жатқызылмаған мәмілелерді жасасуы;

7) нәтижесінде Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің 10% (он) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

8) Қоғам жұмыскерлерінің жалпы санын және Қоғамның орталық аппаратының құрылымын Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

9) Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса, штаттық кестесін Қоғам жұмыскерлерінің Директорлар кеңесімен бекітілген жалпы санын ескерумен бекіту, Қоғамның орталық аппаратының құрылымын бекіту;

10) еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын, Қоғамның өкімшіліктік және басқарушылық жұмыскерлерінің (Қоғам Басқармасының мшелерін, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін, Қоғамның комплаенс қызметінің жұмыскерлерін, корпоративтік хатшы мен омбудсменді қоспағанда) лауазымдық қызметақыларының сызбаларын бекіту;

11) заңнамаға және «Самұрық Қазына» ұлттық әл ауқат қорының демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету саясатына, сонымен қатар Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Қоғамның демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуі;

12) Қоғам Басқармасының төрағасының ұсынуымен Қоғам Басқармасының хатшысын сайлау;

13) өңірлердің әлеуметтік саласын дамыту және қазақстандық кадрларды оқыту бойынша әлеуметтік бағдарламалардың орындалуы туралы және оларды жүзеге асыруға қажет қаражат мөлшерін анықтау;

14) Қоғамның акцияларын төлеуге табысталған немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалайтын бағалаушы қызметтеріне төлемақы мөлшерін анықтау;

15) құрылуы Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің белгілі бір бағыттары бойынша Қоғам Басқармасы жанында комитеттер құру;

16) Қоғамның салықтық есептік саяатын бекіту;

17) Құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеуді жүзеге асыру;

18) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне мониторингті жүзеге асыру, олардың сұраулары бойынша олардың орындалуы туралы ақпарат беру;

19) Қоғамның еншілес және тәуелсіз ұйымдарының даму стратегияларын, даму жоспарларын бекіту кезінде, олардың ағымдағы қызметін жүзеге асыру кезінде, қаржылық есептілікті құру және оның аудитін жүргізу кезінде, сонымен қатар осы Жарғының 111-тармағына сәйкес өзге де жоспарлық құжаттарды жасау кезінде қатысты Қоғамның еншілес және тәуелсіз ұйымдарына қатысты бірыңғай қаржылық, инвестициялық және өндірістік-шаруашылық ғылыми техникалық, есептік, салықтық саясатты, тәуекелдерді басқару облысындағы саясатты және өзге де саясаттарды жасақтау;

20) Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне Қоғамның интеграцияландырылған жылдық есебін шығару, сонымен қатар Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекітуге шығару;

21) Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне Қоғамның дивидендтік саясатын шығару;

22) Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітуіне Қоғамның корпоративтік есептік саясатын, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды шығару;

23) Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына осы Жарғының 111-тармағының 44)-45) тармақшаларында анықталған есептерін шығару;

24) тұрақты даму обылысындағы құжаттарды бекіту (егербұл осы тармақтың 1) тармақшасына енбесе);

25) дауысқа ие акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) елуден астам пайызы тікелей немесе жанама Қоғамға меншік иесі құқығымен немесе сенім білдіріп басқарумен тиесілі заңды тұлғалармен, жасасуына Қоғам қызығушылық танытқан мәмілелер бекіту;

26) заңнамада, осы Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де сұрақтар.

Қоғам Басқармасының құзыретіне осы Жарғының 111-тармағының 25) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдау жатпайды.

147. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, соның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне табыстауға жол берлімейді. Қоғам Басқармасы Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орынауға міндетті

148. Қоғам оның Басқармасы Қоғаммен белігіленген шектеулерді бұзумен жасасқан мәміленің күшке иелігін даулауға құқылы, егер мәміле жасасқан мезетте тараптардың осындай шектеулер туалы білгендігін дәлелдесе.

149. Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, сонымен қатар Қоғам Басқармасының өзге де өкілеттіктері заңнамамен, осы Жарғымен, Кодекспен және Қоғам Басқармасының қызметін реттейтін Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен анықталады.

150. Қоғам акционерлерінің өкілдері мен Қоғам акционерлерінің өкілі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі лауазымға тағайындайтын және босататын Қоғам жұмыскерлері Қоғам Басқармасының мүшелері бола алады.

Қоғам Басқармасының мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Қоғам Басқармасының сандық құрамы және өкілеттілік мерзімін Қоғамның Директорлар кеңесі анықтайды. Басқарма кемінде 5 (бес) адамнан тұруы тиіс.

Қоғамның Басқарма төрағасы мен мүшелері 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге сайланнады. Қоғамның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерінің өкілеттілік мерзімдері жалпы Басқарманың өкілеттілік мерзімімен сәйкес келеді.

151. Қоғам Басқармасының мүшесінің, Қоғамның Басқарма төрағасын қоспағанда, өкілеттіліктері мерзімінен бұрын тоқтатылған және Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасының жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, Қоғам Басқармасының жаңа мүшесінің өкілеттіліктері жалпы Басқарманың өкілеттілік мерзімінің аяқталуымен бір мезетте аяқталады.

152. Қоғам Басқармасының мүшесі басқа ұйымдарда тек Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы. Басқарма мүшесі Қоғаммен бәсекелестіктегі ұйымдарда, акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде Қоғамға тиесілі ұйымдарды қоспағанда, жұмыс істеуге құқысыз.

153. Қоғамның Басқарма төрағасы атқарушы органның басшысы лауазымын немесе басқа заңды органның атқарушы органының функцияларын жалғыз атқарушы тұлға лауазымын атқаруға құқысыз.

154. Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғам мүлкін заңнамаға және осы Жарғыға, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сонымен қатар жеке мақсаттарда пайдаланбаулары тиіс

және өздерінің лестес тұлғаларымен мәмілелер жасасқан кезде теріс пайдаланбауы тиіс.

Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғам Басқармасының отырысын шақыруға бастамашылық ету, Қоғамның басқармасының Төрағасын хабарландыру жолымен және өзге қолжетімді тәсілмен залалдың алдын алу, Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шаралар қабылдауы керек.

Қоғам Басқармасының мүшесінің өзге функциялары заңнамамен, осы Жарғымен, сонымен қатар аталған тұлға мен Қоғам арасында жасалатын еңбек келісімшартымен анықталады. Қоғам Басқармасының Төрағасымен еңбек келісімшартына Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы осындай өкілеттілік берген тұлға қол қояды. Қоғам Басқармасының басқа мүшелерімен еңбек келісімшартына Қоғамның Басқарма төрағасы қол қояды.

155. Қоғамның Басқарма төрағасы:

- 1) Қоғам Басқармасын басқарады;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) Қоғам атынан оның үшінші тараптармен қарым қатынастарында, келісімшарттарға, кепілдерге, келісімдерге қол қояды қоса, сеімхатсыз әрекет етеді;
- 4) Қоғамның үшінші тараптармен қарым қатынастарында Қоғам атынан әрекет ету құқығына, занамаға және осы Жарғыға сәйкес мәмілелер жасасу құқығын қоса, сенімхаттар береді;
- 5) олар бойынша шешім қабылдау занамаға және осы Жарғыға сәйкес Қоғам органдарының құзыреттеріне жатқызылмаған мәмілелер жасайды;
- 6) Қоғам жұмыскерлерін қабылдауды, орындарын ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады (заңнамамен белгіленген жағдайларды қоспағанда), ларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза салады, Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық қызметақыларының мөлшерлерін Қоғамның лауазымдық қызметақыларының сызбасына сәйкес белгілейді, Қоғам жұмыскерлерінің, Қоғамның корпоративтік хатшысының, Қоғам Басқармасының, Ішкі аудит қызметінің, Қоғамның комплаенс қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерді және Қоғам омбудсменін қоспағанда, сыйлықтарының мөлшерлерін анықтайды;
- 7) Өзі жоқ болған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Қоғам Басқармасының мүшелерінің біріне жүктейді, бұл ретте Қоғам органдарымен, лауазымдық тұлғаларымен және жұмыскерлерімен, сонымен қатар үшінші тұлғалармен қарым қатынаста Қоғам Басқармасының бұл мүшесі өзіне Қоғам Басқармасы Төрағасының мәндеттерін атқару жүктелгендігі турады бұйрық негізінде әрекет етеді;
- 8) Қоғам Басқармасының мүшелері арасында, сонымен қатар Қоғамның өзге де басшылары арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттіліктер аясын бөледі;
- 9) Қоғам атынан аудиторлық ұйыммен жыл сайынғы аудитті өткізу туралы келісімшарт жасасады;
- 10) Қоғам жұмысының режимін белгілейді;
- 11) Қоғам жұмысының ағымдағы және перспективтік жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 12) Қоғам акционердерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапкершілікте болады;
- 13) Қоғамның банктік және басқа шоттарын ашады;
- 14) Құзыреті шегінде бұйрықтар, өкімдер шығарады;
- 15) Қоғам Басқармасының отырыстарын шақырады;

16) Қоғам Бақармасы анықтайтын тәртіпте Қоғамның ішкі құжаттарын, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді қоса, бекітеді;

17) Акционерлердің жалпы жиналысына келесілерді ұсынады:

- Қоғамның даму стратегиясының іске асырылуы туалы есептер;
- Қоғамның шоғырландырылған бизнес жоспарының іске асырылуы туалы есептер;

18) еншілес және тәуелсіз ұйымдарды басқару туралы, сонымен қатар еншілес және тәуелсіз ұйымдардың қаржылық – шаруашылық қызметінің Қоғам қызметінің көрсеткіштеріне ықпалы туралы Қоғамның интеграцияланған жылдық есебін, жарты жылдық есептерді Қоғамның директорлар кеңесіне ұсынады;

19) оның құзыретіне жатқызылған сұрақтар бойынша корпоративтік жанжалдары Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеуді қамтамасыз етеді;

20) нәтижесінде Қоғам активтерінің құнының жалпы мөлшерінің 1% (бір пайыз) және одан көп пайызын құрайтын мүлік сатылып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатылып алына алатын немесе иеліктен шығарыла алатын) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдайды;

21) Қоғамның ағымдағы қызметіне байланысты акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Қоғам Басқармасының құзыреттеріне жатпайтын барлық қалған сұрақтар бойынша міндеттерді орындау үшін қажетті шешімдер қабылдайды.

156. Қоғам Басқармасының отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Қоғам Басқармасының отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін Қоғам Басқармасы туралы Ережеге сәйкес анықталады.

157. Қоғам Басқармасы шешім қабылдауға құқылы, егер оның отырысына Қоғам Басқармасының мүшелерінің санының кемінде жартысы қатысып отырса.

158. Қоғам Басқармасының шешімі Қоғам Басқармасының қатысып отырған мүшелерінің саының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Қоғам Басқармасының Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, хаттамаға Қоғам Басқармасының отырысқа қатысып отырған мүшелерінің барлығы қол қояды және хаттамада дауысқа салынған барлық сұрақтар, олар бойынша әр Басқарма мүшесінің әрбір сұрақ бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру қорытындылары бар болуы тиіс.

159. Басқарманың қарауына сұрақтарды енгізу құқығы Қоғам Басқармасының Төрағасына, Қоғам Басқармасының мүшелеріне, Қоғамның Ішкі аудит қызметіне тиесілі.

160. Қоғам Басқармасымен сайланатын Қоғам Басқармасының хатшысы, Қоғам Басқармасының мүшесінің талабы бойынша оған Қоғам Басқармасының хатшысының қолымен және Қоғам Басқармасының мөрі басылып расталған Қоғам Басқармасының отырысының хаттамасын танысу үшін беруге міндетті.

161. Қоғам Басқармасы келесілер үшін жауапкершілікте болмайды:

1) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процедураларын әзірлеу және қолдану үшін;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қаржылық және адами ресурстарды бөлу үшін;

3) Қоғамның Директорлар кеңесін ол өзінің Қоғамның даму жоспары шеңберіндегі функцияларын толыққанды орындауы үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін;

4) Заңнамада, Жарғыда, Кодексте және Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған өзге де жағдайларда.

13. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

162. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау облысындағы бағалауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқару құжаттарының орындалуын және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсаттарында кеңес беруді жүзеге асыру үшін, Қоғамда Ішкі аудит қызметі құрылады. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесінің және Қоғам Бақармасының құрамына сайлана алмайды.

163. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте:

1) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы тәуелсіз объективті ақпаратты береді;

2) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жүйелендірілген және бірізді тәсілді пайдаланумен бағалауды жүргізеді және жетілдіруге ықпал етеді;

3) Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қызыретіне енетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

164. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі, оның қызметінің тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен анықталады.

Ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілікті Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

165. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте Қоғам қызметі туралы объективті ақпаратты, сонымен қатар қажетті түсіндірулер мен түсініктемелерді толық көлемде және уақытылы негізде ұсынады.

166. Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасындағы еңбек қатынастары заңнамамен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

167. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің тиімділігін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің ұсыныстарын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

14. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

168. Қоғам органдарының және лауазымдық тұлғаларының Акционерлердің жалпы жиналысының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды, сонымен қатар Қоғамның корпоративтік басқару облысындағы заңнама ережелері мен нормаларын, Жарғы ережелерін, Қоғам Кодексін және Қоғамның өзге ішкі құжаттарының ережелерін сақтауын қамтамасыз ету Қоғамның Корпоративтік хатшысына жүктеледі. Қоғамның Корпоративтік хатшысы, сонымен қатар, Қоғам органдары арасында ақпаратпен тиімді алмасуға ықпал етеді және Қоғамды корпоративтік басқарудың барлық сұрақтары бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің және Қоғам Бақармасы мүшелерінің кеңесшісі функциясын орындайды.

169. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізуді бақылауды жүзеге асырады, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар жасақтауды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

170. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшелерінің дәл және анық ақпаратты уақыты алуларын қамтамасыз етеді.

171. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам жұмыскері болып табылады.

172. Корпоративтік хатшының тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша корпоративтік хатшы қызметін жасақтауға рұқсат етіледі.

173. Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

174. Қоғамның корпоративтік хатшысының және оның қызметінің мәртебесі, функционалдық міндеттері, өкілеттіліктері және өзге қызмет сұрақтары Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережемен анықталады.

15. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ТҰЛҒАЛАРЫ

175. Қоғамның лауазымдық тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғам Басқармасының мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады және Қоғам мен акционерлердің мүдделері барынша жоғары дәрежеде көріні табатын тәсілдерді пайдаланады;

2) Қоғам мүлігін заңнамаға, осы Жарғыға, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы немесе пайдалануға жол бермеуі тиіс, сонымен қатар жеке бас мақсаттарында пайдаланбауы және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдаланбауы тиіс;

3) Қоғамның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігі жүйесінің тұтастығын, тәуелсіз аудит жүргізуді қоса, қамтамасыз етуге міндетті;

4) Заңнамаға, Кодекске және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашуға және беруге бақылау жүргізеді;

5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде Қоғамда жұмыс істеуін тоқтатқан мезеттен бастап 3 (үш) жыл ішінде, сақтайды, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбеген болса.

176. Қоғамның лауазымдық тұлғалары олардың әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін және Қоғам көтерген залалдар үшін, келесілер нәтижесінде көтерген залалдарды қоса және олармен шектелмей, Қоғам мен акционерлер алдында заңнамада белгіленген тәртіпте жауапкершілікте болады:

1) дұрыс түсінбеушілікке әкелетін немесе қасақана жалған ақпарат беру;

2) ақпарат берудің осы Жарғымен және заңнамамен белгіленген тәртібін бұзу;

3) олардың адал емес, соның ішінде олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен осындай мәміле жасасуы нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатындағы әрекеттері немесе әрекетсіздіктері нәтижесінде Қоғамда залалдардың туындауына әкелген, жасауға мүдде бар мәміле жасасуды ұсыну және (немесе) жасауға мүдде бар мәміле жасасу туралы шешімдер қабылдау;

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің Заңнамада және (немесе) осы Жарғыда қарастырылған жағдайларда ірі мәміле жасасу және (немесе) жасауға мүдде бар мәміле жасасу туралы шешімдер қабылдауы оларды жасауға ұсыныс жасаған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының отырысында адал емес, соның ішінде олардың немесе олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы

мақсаттарында әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатпайды, егер оларды орындау барысында Қоғамға залал келтірілген болса.

Қоғамның лауазымдық тұлғаға талап арызбен сотқа жүгінуінің тәртібі және жүгіну үшін негіздер заңнамамен белгіленеді.

16. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАП, ЕСЕП ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТ

177. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жыл болып есептеледі (1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейін) болып табылады.

178. Бухгалтерлік есеп жүргізу және Қоғамның қаржылық есептілігін құрастыру тәртібі заңнамамен белгіленеді.

179. Қоғам Басқармасы жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына аяқталған жыл ішіндегі аудиторлық қызмет туралы заңнамаға сәйкес аудит жүргізілген қаржылық есептілікті (шоғырландырылған және жеке) оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Жылдық қаржылық есептіліктен басқа, Қоғам Басқармасы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына аудиторлық есепті ұсынады.

180. Жылдық қаржылық есептілік (шоғырландырылған және жеке) оны Акционерлердің жалпы жиналысына қарау шығару күнінен кемінде 30 (отыз) күн бұрын Қоғамның Директорлар кеңесінің алдын ала бекітуіне жатады.

181. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.

182. Қоғам қызметінің нәтижелері бойынша қаржылық деректер ұлттық валютада – теңгемен көрсетіледі, және ақарат үшін шетелдік валютаға айналдырыла алады.

183. Қоғам жыл сайын бұқаралық ақпарат құралдарында жылдық қаржылық есептілік (шоғырландырылған және жеке) пен аудиторлық есепті заңнамада қарастырылған жағдайларда құнды қағаздар нарығын реттеуді және қадағалауды дүеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген мерзімдерде жариялауға міндетті.

184. Қоғам жыл сайын жылдық қаржылық есептіліктің (шоғырландырылған және жеке) аудитін жүргізуді заңнамаға сәйкес қамтамасыз етеді. Қоғам қаржылық жыл қорытындылары бойынша аудиторлық тексерісті қаржылық есептерді жариялаудың Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржалардың листингтік ережелерімен белгіленген мерзімдеріне кешіктірмей өткізеді.

185. Қоғам аудиті Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Қоғамның ірі акционерінің талабы бойынша оның есебінен жүргізіле алады, бұл ретте Қоғамның ірі акционері міндетті аудит өткізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін аудиторлық ұйымды өз бетінше ашпнықтауға құқылы.

186. Аудит ірі акционердің талабы бойынша өткізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.

187. Егер Қоғам Басқармасы Қоғамның аудитін өткізуден бұлтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап арызы бойынша сот шешімімен тағайындала алады.

188. Құндық есеп Қазақстан Республикасының ақша бірлігі - теңгемен жүргізіледі.

Шетелдік валютадағы операциялар, операция жасалған күнге валюталарды айырбастаудың нарықтық курсын қолданумен, теңгеге көрсетіледі.

17. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ, ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

189. Қоғам Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы тізбесі Заңмен анықталған ақпаратты өз акционерлері мен инвесторларына жеткізуге міндетті.

Қоғам мен оның акционерлері өздерінің хабарламалары мен Заңға сәйкес міндетті түрде жариялануға жататын басқа да ақпаратты жариялау үшін пайдаланулары тиіс бұқаралық ақпарат құралдары Қоғамның корпоративтік веб сайты және (немесе) «Казахстанская Правда» және (немесе) «Егемен Қазақстан» газеттері.

Заңнама талаптарына және өзге де қолданылатын талаптарға сәйкес Қоғам корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың бір бөлігін корпоративтік веб сайтта және өзге интернет ресурстарда жариялайды. Егер Заңнамамен ақпаратты жариялаудың (акционерлер назарына жеткізудің) мерзімдері қарастырылмаған болса, бұл ақпарат олорын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлер назарына жеткізіледі).

Корпоративтік даму бойынша сотта іс қозғалуы туралы ақпарат акционерлерге Қоғам корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарламасын (шақыруды) алған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде жеткізіледі.

190. Акционердің талабы бойынша Қоғам Заңмен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін оған мұндай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктермей беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергендігі үшін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол мөлшер құжаттардың көшірмелерін жасау шығындарының құнынан және құжаттарды акционерге жеткізумен байланысты шығыстар төлемінен аспайды.

Қоғамның құнды қағаздарын шығару, орналастыру, айналуы және конвертациясының жекелеген сұрақтарын регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қорғалатын өзге де құпия бар құжаттар акционерге оның талабы бойынша танысу үшін берілуі тиіс.

191. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қоғам туралы ақпарат, сонымен қатар Қоғамның өзге де көпшілік ақпараты Қоғамның корпоративтік сайтында және өзге интернет ресурстарда жарияланады.

192. Қоғамның оның қызметіне қатысты құжаттары оның бүкіл қызметі бойы Қоғам басқармасының орналасқан мекенжайы бойынша емесе Қоғам Басқармасының шешімі бойынша өзге жерде сақталуға жатады.

Келесі құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 2) Қоғам Кодексі;
- 3) Қоғамның Жалғыз құрылтайшысының және (немесе) Жалғыз акционерінің шешімдері (Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жасақталғанға дейінгі кезеңдегі);
- 4) Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;
- 5) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар;
- 6) Қоғамның, оның балансындағы (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 7) Қоғамның құнды қағаздарын шығару проспектітері;
- 8) Қоғамның құнды қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, құнды қағаздарды жою, сонымен қатар Қоғамның құнды қағаздарын орналастырудың және өтеудің қорытындылары туралы есептерді бекітуді растайтын құжаттар;
- 9) Қоғамның филиалдары мен өкілеттіліктері туралы ережелер;

10) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртіптері бойынша материалдар;

11) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылған акционерлердің тізімі;

12) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарының (сырттай отырыстарының шешімдерінің) хаттамалары және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің отырыстарының Заңға, Қоғам Жарғысына және Қоғамның мемлекеттік емес құнды қағаздарының проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарын қозғайтын күн тәртіптері бойынша материалдар;

13) Қоғам Басқармасының отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары.

193. Өзге құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі заңнамамен белгіленген мерзім ішінде сақталады.

194. Акционердің жазбаша талабы бойынша Қоғам оған заңнамамен және осы Жарғымен қарастырылған құжаттарды Қоғамға мұндай талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті. Қоғамның қызметі туралы «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар, Қоғам акционеріне белгілі болған ақпарат үшінші тараптарға жазбаша немесе басқа түрде беріле алмайды, олардың сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарын қоспағанда. «Құпия», «Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар ақпаратты ашу Заңнамамен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіпте және мерзімдерде жүзеге асырылады.

18. ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

195. Заңнамамен, Жарғымен, Кодекспен қарастырылған жағдайларда және Қоғам талабы бойынша акционерлер және/немесе Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға олардың үлестес тұлғалары жайындағы мәліметті, оның ішінде толық атауы, мемлекеттік тіркеу күні мен номері, орналасқан жері (заңды тұлға үшін), аты-жөні, туған күні мен мекенжайы (жеке тұлға үшін), үлестестіктің негіздері мен күні, сонымен қатар осы тұлғаларға қатысты Қоғамға қажет өзге мәліметтерді қоса ұсынулары тиіс.

196. Қоғамның акционерлері және/немесе лауазымды тұлғалары, Заңнамаға сәйкес, Қоғамның Басқарма Төрағасына өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті үлестестіктің пайда болу күнінен бастап 7 (жеті) күн ішінде береді.

Қоғамның акционерімен немесе лауазымды тұлғасымен бұрын осындай акционердің немесе лауазымды тұлғаның үлестес тұлғасы ретінде көрсетілген тұлға осындай тұлға болуын тоқтатқан жағдайда, Қоғамның акционері немесе лауазымды тұлғасы бұл жөнінде Қоғамның Басқарма Төрағасына 5 (бес) күндік мерзімде хабарлайды.

197. Қоғамның акционері және/немесе лауазымды тұлғасы өздерінің үлестес тұлғасы ретінде мәлімет ұсынған тұлға Қоғамға осындай тұлға үлестес болып танылған негіздердің тоқтатылуын растайтын құжаттар берілгенге дейін үлестес тұлға болып саналады.

198. Егер Қоғамның акционерімен және/немесе лауазымды тұлғасымен өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті бермеуі Қоғамға залал келтіруге әкелсе немесе ықпал етсе, Қоғам мәліметті бермеген тұлғадан осынай залалды толығымен өтеуді талап етуге құқылы

199. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалардың өздері берген мәліметтер негізінде жүргізеді

200. Қоғам интернет ресурста Қоғамның үлестес тұлғаларының тізімінің қаражаттық есептілігінің депозитарийін, сонымен қатар Қоғамның эмиссиялық құнды қағаздарының айналуы кезеңінде ашу көзделген өзге де ақпаратты орналастыруды Заңнамамен белгіленген формада, мерзімдерде және тәртіпте қамтамасыз етеді.

201. Заңға сәйкес Қоғамның келісімшарт жасасуына мүдделі деп танылған үлестес тұлғалар Қоғам тарапына тиісті хабарлама жіберу жолымен Директорлар кеңесінің назарына келесі ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) олардың келісімшарт тарабы болып табылатындығы немесе келісімшартқа өкіл немесе делдал ретінде қатысатындықтары туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

2) олар үлестес болып табылатын заңды тұлғалар туралы, оның ішінде олар дербес немесе өздерінің үлестес тұлғаларымен бірігіп дауыс беруші акциялардың 10 (он) және одан да көп пайызына иелік ететін заңды тұлғалар туралы және олар лауазым атқаратын заңды тұлғалар туралы;

3) олар мүдделі болып танылуы мүмкін жасалып жатқан оларға белгілі немесе болжалды келісімдер туралы.

19. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

202. Қоғам меншігін және оған жататын құқықтарды құқықтық қорғау Заңнамаға, Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына және басқа да қолданылатын құқықпен және Қоғамның құнды қағаздары айналатын қор биржасының листинг ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

20. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

203. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосылу, бірігу, бөлу, бөлшектеу, өзгерту) Заңнамаға сәйкес жүзеге асады.

204. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлеп жүргізілуі мүмкін.

205. Мәжбүрлі қайта ұйымдастыру Заңнамамен қарастырылған жағдайларда, сот органдарының шешімімен жүзеге асырыла алады.

206. Қоғамды ерікті тарату туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды, Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы тарату процедурасын креиторлармен келісу бойынша және олардың бақылауымен Заңнамаға сәйкес анықтайды.

207. Қоғамды мәжбүрлеп тарату Заңнамамен қарастырылған жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

208. Қоғамды тарату туралы талапты сотқа мүдделі тұлғалар ұсына алады, ешгер Заңнамамен өзгеше қарастырылмаса.

209. Соттың немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қоғамды тарату туралы шешімімен Қоғамды тарату комиссиясы тағайындалады.

210. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде Қоғамды басқару және тізімі заңнамада анықталған әрекеттерді атқару бойынша өкілеттіктерге ие.

211. Ерікті тарату кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Қоғамның ірі акционерлерінің өкілдері, сонымен қатар Қоғам акционерлерімен анықталған өзге де енгізілуі тиіс.

212. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын орындау тәртібі Заңнамамен реттеледі.

213. Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Заңнамамен белгіленген тәртіпте жоюға жатады.

214. Таратылатын Қоғамның мүліктерін бөлу Заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

215. Егер осы Жарғының ережелерінің бірінің күші жойылатын болса, онда бұл қалған ережелердің күшін қозғамайды. Күші жойылған ереже құқықтық жағынан жарамды, мағынасы бойынша жақын ережемен алмастырылады.

216. Осы Жарғыда қарастырмаған қалған барлық жағдайларда Қоғам өз қызметінде Заңнама ережелерін басшылыққа алады.

217. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы



Пірмаатов Ғ.О.